

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерінің 2005 жылы жол жүруін қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 қаңтардағы N 34 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1173 қаулысымен бекітілген 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерінің жол жүруін қамтамасыз етуге көзделген 116602,0 (бір жүз он алты миллион алты жүз екі мың) теңге сомасындағы қаражатты облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қосымшаға сәйкес бөлсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

2005 жылы Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша темір жол көлігімен жылына бір рет республикалық бюджет қаражаты есебінен жол жүруін;

бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын және тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ағымдағы нысаналы трансферттердің пайдаланылуы туралы ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қоса беріліп отырған Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерінің 2005 жылы темір жол көлігімен жол жүруін қамтамасыз ету және ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ағымдарды нысаналы трансферттердің мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Көлік және коммуникация министрліктері мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері осы қаулының тиісінше орындалуы жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 19 қаңтардағы
N 34 қаулысымен
бекітілген

**Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерінің
2005 жылы темір жол көлігімен жол жүруін қамтамасыз
ету және ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану
ережесі**

Осы Ереже Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерінің (бұдан әрі - соғысқа қатысушылар) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің аумағы бойынша жылына бір рет темір жол көлігімен жол жүруін қамтамасыз етудің және осы мақсаттарға 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдаланудың тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Соғысқа қатысушылар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің аумағы бойынша жылына бір рет темір жол қатынасы жолдары бойынша тегін жол жүру құжаттарымен (билеттерімен) қамтамасыз етіледі не оларға жылына бір рет темір жол қатынасы жолдарының пайдаланылған жол жүру құжаттарының (билеттерінің) толық қ ұ н ы ө т е л е д і .

2. Жол жүру құжаттары (билеттері) барлық санаттағы поездардың купелендірілген және плацкартты вагондарындағы сапардың толық бағытына (кету пунктінен баратын пунктіне дейін және кері қарай) беріледі.

Сапар бағыты бірнеше келу және кету пунктінен тұруы мүмкін.

3. Жол жүру құжаттарын (билеттерін) "Жолаушылар тасымалы" ААҚ-тың темір жол кассалары (бұдан әрі - жол жүру құжаттарын беру жөніндегі ұйым) береді.

2. Нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі

4. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) төлеуге берілетін шоттардың негізінде және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ұсынған деректемелер бойынша соғысқа қатысушылардың жол жүруін қамтамасыз етуге арналған қаражатты "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерінің жол жүруін қамтамасыз етуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламасын қаржыландырудың белгіленген тәртіппен бекітілген жоспарына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне аударады.

5. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдары жол жүру құжаттары (билеттері) берілген соғысқа қатысушылардың тізімдерімен қоса, төлемдердің кезеңі мен сомаларын көрсете отырып, төлеуге берілетін шоттарды жол жүру құжаттарын (билеттерін) беру жөніндегі ұйымдарға қаражат аудару үшін Аумақтық қазынашылық органдарына ұсынады.

3. Соғысқа қатысушыларды темір жол көлігімен жол жүру үшін жол жүру құжаттарымен қамтамасыз ету және солармен байланысты шығыстарды өтеу тәртібі

6. Соғысқа қатысушылар жол жүру құжаттарын (билеттер) алу үшін сапарға шығуға дейін, он бес жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай құжаттарымен тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарына өтініш ж а с а й д ы :

1) нысан бойынша өтініш (1-қосымша);

2) Ұлы Отан соғысы қатысушысының немесе мүгедегінің куәлігі.

7. 2-қосымшаға сәйкес жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдары алынған өтініштердің негізінде үш күндік мерзімде соғысқа қатысушыларға жол жүру құжаттарын (билеттерін) алуға арналған өтінімді дайындайды және жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдарына береді.

8. 2-қосымшаға сәйкес жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдары жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарынан алынған өтінімдерді екі күндік мерзімде жинақтайды және жол жүру құжаттарын (билеттерді) беру жөніндегі ұйымға береді.

9. Жол жүру құжаттарын (билеттерін) беру жөніндегі ұйымдар бес күндік мерзімде өтінімде көрсетілген сапардың толық бағытына жол жүру құжаттарын дайындайды және оларды жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада жасалатын қабылдау-беру а к т і с і н е с ә й к е с б е р е д і .

10. Өтінімде көрсетілген сапар бағытына жол жүру құжаттарын (билеттерін) беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, жол жүру құжаттарын беру жөніндегі ұйым бес күндік мерзімде жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдарын 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша хабардар етеді.

11. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдары алынған жол жүру құжаттарын (билеттерді) екі күндік мерзімде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарына сенімхат бойынша береді.

12. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдары екі күндік мерзімде жол жүру құжаттарын (билеттерін) соғысқа қатысушыларға қолын қойғызып береді.

13. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдары мен жол жүру құжаттарын беру жөніндегі ұйымның арасында ай сайын жол жүру құжаттарын беру жөніндегі ұйымға соғысқа қатысушыларға берілген жол жүру құжаттарына (билеттеріне) ақы төлеу үшін негіздеме болып табылатын салыстырып т е к с е р у а к т і с і ж а с а л а д ы .

Салыстырып тексеру актісі екі данада 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ж а с а л а д ы .

14. Жол жүру құжаттарының (билеттерінің) құнын төлеуді жұмыспен қамтуды

үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдары жол жүру құжаттарын беру жөніндегі ұйымда қол қойылған салыстырып тексеру актісінің негізінде, қолма қол ақшасыз нысанда, он банктік күн ішінде Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес жүргізеді.

15. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдары үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдарына ай сайын соғысқа қатысушылар қайтарған пайдаланылған (пайдаланылмаған) жол жүру құжаттарының (билеттерінің) не жол жүру құжаттарын беру жөніндегі ұйымның жол жүру құжаттарының (билеттерінің) қайтарылғаны туралы жазбаша растамаларының негізінде жасалған пайдаланылған жол жүру құжаттары (билеттері) туралы есепті ұсынады.

16. Егер соғысқа қатысушы сапардан бас тартқан жағдайда, соғысқа қатысушылар жол жүру құжаттарын (билеттерін) қайтаруды жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарына қол қою арқылы жүргізеді.

17. Егер соғысқа қатысушы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарынан алынған жол жүру құжаттарын (билеттерін) қайтаруды жол жүру құжаттарын беру жөніндегі ұйымда жүзеге асыратын болса, жол жүру құжаттарын беру жөніндегі ұйымдар көрсетілген жол жүру құжаттарының (билеттердің) құнын қайтаруды жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдарына қолма қол ақшасыз нысанда 3 банктік күн ішінде жүзеге асырады. Бұл ретте, жол жүру құжаттарын (билеттерін) беру жөніндегі ұйымдар соғысқа қатысушыларға жол құжаттарының (билеттерінің) қайтарылғаны туралы жазбаша растама береді.

18. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдары жол жүру құжаттарын (билеттерін) жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдарына сенімхат бойынша қайтарады.

19. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдары пайдаланылмаған жол жүру құжаттарын (билеттерін) жол жүру құжаттарын беру жөніндегі ұйымға мынадай үлгіде қайтарады:

егер жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдары жол жүру құнын өтеген болса, орынды қайтару үшін, жол жүру құжаттары (билеттері) поезд сапарға аттанғаннан кейін үш сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде жол жүру құжаттарын беру жөніндегі ұйымға ұсынылады. Бұл ретте, төлеуге ұсынылатын, салыстырып тексеру актісінде көрсетілетін жалпы сома қайтарылатын жол жүру құжаттарының (билеттерінің), жол жүру құжатының (билетінің) құнынан ұстап қалулар шегерілген, құнына тең сомаға азаяды;

егер жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдары жол жүру құнын өтемеген болса, орынды қайтару үшін, жол жүру құжаттары (билеттері) поезд сапарға аттанғаннан кейін үш сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде жол жүру құжаттарын беру жөніндегі ұйымға ұсынылады. Бұл ретте, төлеуге ұсынылатын, салыстырып тексеру актісінде көрсетілетін жалпы сомаға қайтарылатын жол жүру

құжаттарының (билеттерінің) құнынан ұстап қалулар сомасы қосылады.

20. Соғысқа қатысушы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарына өтінішпен бармай-ақ, сапарда болып қайтса, онда оған пайдаланылған жол жүру құжаттарын (билеттерін), сондай-ақ 6-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсынған кезде, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар органдары өтініш берілген күннен бастап бір ай ішінде, оның өтінішінде көрсетілген екінші деңгейдегі банктегі не "Қазпочта" акционерлік қоғамындағы оның жеке шотына қаражат аудару жолымен оған жол жүру құжаттарының (билеттерінің) толық құнын жылына бір рет өтейді.

Жол жүру құжаттары (билеттері), олардың ұрлануы немесе нақты себептер бойынша өзге де ұрлануы салдарынан жоғалған жағдайда соғысқа қатысушыларға теміржол көлігіндегі жол жүру құны жол жүру құжаттарын (билеттерін) беру жөніндегі ұйымның жол жүру құжаттарының алынғанын растайтын анықтамасының, сондай-ақ 6-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген құжат негізінде өтеледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 19 қаңтардағы

№ 34 қаулысына қосымша

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерінің жол жүруін қамтамасыз етуге арналған облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу

Облыстардың және қалалардың атауы	Ағымдағы мақсатты трансферт сомасы, мың теңге
Ақмола облысы	6523,2
Ақтөбе облысы	4681,0
Алматы облысы	9905,6
Атырау облысы	2234,8
Шығыс Қазақстан облысы	15945,6
Жамбыл облысы	6644,0
Батыс Қазақстан облысы	5436,0
Қарағанды облысы	9301,6
Қостанай облысы	8516,4
Қызылорда облысы	2748,2
Маңғыстау облысы	1298,6
Павлодар облысы	6493,0

Солтүстік Қазақстан облысы	7066,8
Оңтүстік Қазақстан облысы	11083,4
Астана қаласы	2748,2
Алматы қаласы	15975,8
Жиыны:	116602,0

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерінің 2005 жылы темір жол көлігімен жол жүруін қамтамасыз ету және ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесіне 1-қосымша

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органының бастығы

мекен - жай да тұратын

жеке куәлігі (төлқұжаты)

соғысқа қатысушының (мүгедектің) куәлігі -----

Өтініш

Мынадай бағыт бойынша жолға шығу үшін жол жүру құжатын (билетін) беруіңізді сұраймын:

шығу (орыны, күні)

қайту (орыны, күні)

шығу (орыны, күні)

қайту (орыны, күні)

шығу (орыны, күні)

қайту (орыны, күні)

Жолға шығу мүмкіндігі болмай қалған жағдайда жол жүру құжаттарын (билеттерін) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органына жол жүруге дейін үш тәуліктен кешіктірілмейтін мерзімде қайтаруға міндеттенемін.

Келгеннен кейін бір ай ішінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органына пайдаланылған (пайдаланылмаған) жол жүру құжаттарын (билеттерін) қайтаруға міндеттенемін.

Күні _____
 Қолы _____
 Өтініш қабылданды _____
 Қолы _____
 Жол жүру билеттерін алғаны туралы белгі:
 Билетті берді: _____
 Күні _____
 Маманның қолы _____
 Билетті алдым: _____
 Күні _____
 Соғысқа қатысушының қолы _____

Ұлы Отан соғысына қатысушылар
 мен мүгедектерінің 2005 жылы
 темір жол көлігімен жол жүруін
 қамтамасыз ету және ағымдағы
 нысаналы трансферттерді

пайдалану ережесіне 2-қосымша

Жол жүру құжаттарын (билеттерін) алуға өтінім

Р/с N	Соғысқа қатысушының Т.А.Ә.	паспорт нөмірі	сапарға шығу және қайту күні көрсетілген сапар бағыты	вагон үлгісі
1	2	3	4	5

М . О . Б а с ш ы
 (жұмыспен қамту (үйлестіру) және
 әлеуметтік бағдарламалар органы) Т.А.Ә., қолы

Ұлы Отан соғысына қатысушылар
 мен мүгедектерінің 2005 жылы
 темір жол көлігімен жол жүруін
 қамтамасыз ету және ағымдағы
 нысаналы трансферттерді

пайдалану ережесіне 3-қосымша

Жол жүру құжаттарын (билеттерін) қабылдау-беру актісі

Р/с N	Соғысқа қатысушының Т.А.Ә.	пас- порт нө- мірі	сапарға шығу және қайту күні көрсетілген сапар бағыты	билет нөмірі	вагон үлгісі	жол жүру құжатта- рының (билет- терінің) құны, теңге

1	2	3	4	5	6	7

М . О . Б е р д і :
Ж о л ж ү р у қ ұ ж а т т а р ы н
р е с і м д е г е н б ө л і м ш е н і ң
басшысы **Т.А.Ә., қолы**

М . О . Қ а б ы л д а д ы :
Б а с ш ы
(жұмыспен қамтуды үйлестіру және
әлеуметтік бағдарламалар органы) **Т.А.Ә., қолы**

Ұлы Отан соғысына қатысушылар
мен мүгедектерінің 2005 жылы
темір жол көлігімен жол жүруін
қамтамасыз ету және ағымдағы
нысаналы трансферттерді

пайдалану ережесіне 4-қосымша

**Жол жүру құжаттарын (билеттерін) алуға арналған
өтінімге сәйкес жол жүру құжаттарының (билеттерінің)
берілмегені туралы хабарлама**

P/c N	Соғысқа қатысушының Т.А.Ә.	пас- порт н ө - мірі	сапарға шығу және қайту күні көрсетілген сапар бағыты	жол жүру құжаттарының (билеттерінің) берілмеу себептері
1	2	3	4	5

М . О .
Ж о л ж ү р у қ ұ ж а т т а р ы н
р е с і м д е г е н б ө л і м ш е н і ң
басшысы **Т.А.Ә., қолы**

Ұлы Отан соғысына қатысушылар
мен мүгедектерінің 2005 жылы
темір жол көлігімен жол жүруін
қамтамасыз ету және ағымдағы
нысаналы трансферттерді

пайдалану ережесіне 5-қосымша

Салыстырып тексеру актісі

P/c N	Соғысқа қатысу- шының Т.А.Ә.	пас- порт н ө - мірі	сапарға шығу және қайту	би- лет нө- мірі	вагон үлгісі	ж о л ж ү р у құжат- тарының	

			к ү н і к ө р с е - т і л г е н с а п а р б а ғ ы т ы			(б и л е т - т е р і - н і ң) қ ұ н ы , т е ң г е	т ө л е у к ү н і
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиынтық сомасы:							

М . О .

Ж о л жү р у қ ұ ж а т т а р ы н
р е с і м д е г е н б ө л і м ш е н і ң

басшысы Т.А.Ә., қолы

М . О .

Б а с ш ы Т.А.Ә., қолы

(жұмыспен қамтуды үйлестіру және
әлеуметтік бағдарламалар органы)